

Қазақстан Республикасының Президенті жанынан мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 5 маусым N 1215.
Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Егемен Қазақстанның қалыптасуы мен одан әрі дамуы процесінде мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық негіздерін жасау, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес азаматтық татулық пен келісімді қамтамасыз ету, демократиялық процестер мен қоғамды әлеуметтік-саяси реформалауды тереңдету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанынан консультациялық-кеңесші орган - мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес
м ы н а құ р а м д а құ р ы л с ы н :

Кекілбаев Ә.К. (төрағаның орынбасары), Сұлтанов Қ.С. (төрағаның орынбасары), Әбділдин Ж.М., Әлімжанов Ә.Т., Гаркавец А.Н., Елагин А.С., Қайдаров Ә.Т., Қозыбаев М.Қ., Мұртаза Ш., Сәрсенбаев А., Сығаев Ә.Т., Симашко М.Д., Тәжин М.М., Тоқаев Қ.К., Шеголихин И.П., Т.Қ. Айтқазин, Н.Ә. Айтқожина, Ж.С. Ақылбаев, А.Қ. Бижанов, Е.Қ. Ертісбаев, Р.Қ. Жоламан, Б.Т. Жұмағұлов, М.Б. Кенжеғозин, В.Ф. Михайлов, Б.Ә. Мұхамеджанов, Ә.Н. Нысанбаев, Е. Смайыл, М.К. Сүлейменов, А.Д. Фрезоргер.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.05.22. N 2305, 1996.02.27. N 2863, 1999.07.15. N 169 жарлықтарымен.

2. Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

3. "Қазақстан Республикасы Президенті жанынан Консультациялық кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 12 тамыздағы N 858 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына Ұлттық кеңестің қызметін қамтамасыз ету жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 3

ж ы л ғ ы

5

м а у с ы м

қосымша

Қазақстан	Республикасының	Президенті
жанындағы	мемлекеттік	саясат
Ұлттық	кеңес	жөніндегі
Ереже		туралы

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес тұрақты жұмыс істейтін консультациялық-кеңесші орган .

2. Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің басты міндеті - қоғамды әлеуметтік-саяси реформалаудың ғылыми дәйекті тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу, халықтың демократиялық рухани ортасын қалыптастыру, тұрақтылыққа, этникааралық келісім мен азаматтық татулыққа қол жеткізудегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар қызметінің жұмыстарын үйлестіру.

Кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

қоғамда болып жатқан әлеуметтік-саяси процестерді, әлем мен аймақта қалыптасқан геосаяси жағдайларды талдау, олардың одан әрі даму барысын болжау, мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіпсіздігіне ықпал ету;

Конституцияны, Президенттің ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыруды идеологиялық қамтамасыз етудің жолдары мен нысандарын айқындау;

мемлекеттің идеологиялық қызметінің тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу, қоғамдық құндылықтардың жаңа жүйесін, азаматтардың демократиялық дүниетанымы мен ұтқырлы әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру, халықтың рухани қайта түлеуіне, мәдениетке, гуманитарлық ғылым мен білім беруге, тұтастай алғанда, халықтың хұқықтық ағартушылығына мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

рухани ортадағы тоталитаризм зардаптарын жоюда, жаңа Конституциялық құрылысты, басқарудың демократиялық нысандарын, қоғамда азаматтық татулық пен келісімді нығайтуда ғылыми және шығармашылық интеллигенциямен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау болып табылады .

Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес осы бағыттарды жүзеге асыру мақсатында :

жоғары білікті мамандардан, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың өкілдерінен, сондай-ақ шетелдік сарапшылардан тиісті тұжырымдамалық жобалар әзірлеу үшін жұмыс топтары мен комиссиялар құруға , соның негізінде тиісті нормативтік-өкімдік актілер, жедел және ұзақ мерзімдік бағдарламалар мен басқа да құжаттар қабылдау үшін ұсыныстар енгізуге, қолданып жүрген заңдарды жетілдіруге, тиісті мемлекеттік органдар мен

ведомстволардың практикалық қызметіне басшылық жасауға;

Кеңес қабылдаған шешімдер мен ұсыныстардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

мүдделі ведомстволармен және мекемелермен бірлесіп әзірленген тұжырымдамалық жобалардың мәні мен қажеттілігін, олардың мазмұнын бұқаралық ақпарат құралдары, атқарушы өкімет пен басқарушы органдар арқылы, түрлі семинарлар, конференциялар мен кеңестер өткізу, жергілікті жерлерге жұмыс топтары мен басқа да мамандар жіберу жолдарымен түсіндіру жөнінде жұмыстар жүргізуге хұқылы.

3. Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес:

министрліктер мен ведомстволардың, басқа да мемлекеттік басқару органдарынан және жергілікті әкімдермен олардың Конституцияны, Президенттің ішкі және сыртқы саясатын, қоғамды әлеуметтік-экономикалық реформалауды саяси қамтамасыз етуді және тереңдетуді жүзеге асыруға байланысты қызметін көрсететін ақпараттар сұрауға және алуға;

жүктелген міндеттер шеңберінде Президенттің тиісті жарлықтары мен қаулыларының, Министрлер Кабинеті шешімдерінің, Кеңес шешімдері мен ұсыныстарының орындалуын тексеруді ұйымдастыруға, бұл тексерістердің нәтижесін қарауға және қажетті шаралар қабылдауға хұқылы.

4. Қажет болған жағдайда Кеңес Президенттің Заң шығарушылық инициативасы ретінде дайындалған заң жобаларына, оның жарлықтарының жобаларына, мемлекет саясатының жеке мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына алдын-ала сарапшылық жүргізуді ұйымдастырады.

5. Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің сандық және жеке құрамын айқындайды, оның жұмыс жоспарын бекітеді. Кеңес мәжілісі тоқсанына бір рет немесе қажеттілігіне қарай өткізіледі. Кеңес мүшелері оның мәжілістеріне ауыстыру хұқынсыз қатысады.

Кеңес шешімдері хаттамамен ресімделеді.

Мемлекеттік кеңесші Кеңестің, оның жұмыс топтары мен комиссияларының қызметін үйлестіреді, сондай-ақ Кеңес Төрағасының орынбасары болып табылады.

Ескерту. 5-ші тармақтың үшінші абзацы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.07.15. N 169 жарлығымен.

6. Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің жұмысы Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлімдерімен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің комитеттерімен, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдармен, қоғамдық-саяси бірлестіктермен және ұйымдармен өзара тығыз іс-қимыл негізінде жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК